

**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ**



**ПРЕМЬЕР-МИНИСТР  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН**

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаты  
А.С. Платоновқа**

*2020 жылғы 12 ақпандағы  
№ ДЗ-45 депутаттық сауалға*

**Құрметті Артур Станиславович!**

Сіздің халықтың газ жабдығын қауіпсіз пайдалану мәселелері бойынша жүйелі шаралар қабылдауға қатысты депутаттық сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес тұрғын үй қатынастары саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның және жергілікті атқарушы органдардың құзыреті кеңейтілді және оларға:

- жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй инспекцияларының елді мекендер шекаралары шегінде тұрғын үй қорын басқару, газ және газбен жабдықтау салаларындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде бақылау субъектілеріне қатысты мемлекеттік бақылау, сондай-ақ елді мекендер шекаралары шегінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде қадағалау субъектілеріне қатысты қауіпті техникалық құрылғыларды қауіпсіз пайдалану талаптарының сақталуына мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыруы;

- елді мекендердің шекаралары шегінде тұрғын үй қорын басқару, газ және газбен жабдықтау салаларындағы, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде қауіпті техникалық құрылғыларды қауіпсіз пайдалану талаптарының сақталуы бойынша тексеру парақтарын және тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын әзірлеу және бекіту жөніндегі функциялар беру бойынша нормалар көзделген.

Сондай-ақ, осы Заңда жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй инспекцияларының лауазымды тұлғаларына мемлекеттік инспектор мәртебесі берілген.

Қазіргі уақытта қабылданған нормаларды орындау үшін қабылдау мерзімі ағымдағы жылғы наурызда болатын заңға тәуелді актілер әзірленуде, бұл тұрғын үй инспекцияларына әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде бақылау мен қадағалауды жүргізуге мүмкіндік береді.

Штаттық бірліктермен қамтамасыз ету мәселесі «Жергілікті атқарушы органдардың штат санының лимиттерін бекітудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 желтоқсандағы № 1324 қаулысына сәйкес пысықталатын болады, оған сәйкес жергілікті атқарушы органдар тұрғын үй инспекциясының құрылымы мен шекті штат санын олардың штат саны лимитінің шегінде белгілейді.

**А. Мамин**

**Депутату  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан  
Платонову А.С.**

*На № ДЗ-45 от 12.02.2020 г.*

**Уважаемый Артур Станиславович!**

Рассмотрев Ваш депутатский запрос касательно принятия системных мер по вопросам безопасного использования населением газового оборудования, сообщаю следующее.

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 26 декабря 2019 года «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам жилищно-коммунального хозяйства» (далее - Закон) расширена компетенция уполномоченного государственного органа в сфере жилищных отношений и местных исполнительных органов, и предусмотрены нормы по наделению функциями:

- жилищных инспекций местных исполнительных органов по осуществлению государственного контроля в отношении субъектов контроля в пределах границ населенных пунктов на объектах социальной инфраструктуры в сферах управления жилищным фондом, газа и газоснабжения, а также государственного надзора в отношении субъектов надзора в пределах границ населенных пунктов на объектах социальной инфраструктуры в области промышленной безопасности за соблюдением требований безопасной эксплуатации опасных технических устройств;

- разработки и утверждения проверочных листов и критериев оценки степени риска в пределах границ населенных пунктов на объектах социальной инфраструктуры в сферах управления жилищным фондом, газа и газоснабжения, в области промышленной безопасности по соблюдению требований безопасной эксплуатации опасных технических устройств.

Также данным Законом должностные лица жилищных инспекций местных исполнительных органов наделены статусом государственного инспектора.

В настоящее время во исполнение принятых норм разрабатываются подзаконные акты со сроком принятия в марте текущего года, что позволит жилищным инспекциям проводить контроль и надзор на объектах социальной инфраструктуры.

Вопрос обеспечения штатными единицами будет проработан в соответствии с постановлением Правительства от 15 декабря 2004 года № 1324 «О некоторых вопросах утверждения лимитов штатной численности местных исполнительных органов», согласно которому структура и предельная штатная численность жилищной инспекции устанавливаются местными исполнительными органами в пределах лимита их штатной численности.

**А. Мамин**

*исп. С. Кабашев*  
*тел.: +7(7172) 75-00-23*  
*эл.адрес: [kabashev\\_s@ukimet.kz](mailto:kabashev_s@ukimet.kz)*